

Жетінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезектен тыс екінші сессиясы қашықтық режимінде өтті

2021 жылғы 4 ақпандасағат 12.00-де жетінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезектен тыс екінші сессиясы қашықтық режимінде өткізіліп, сессияға депутат Н.Әбішов төрағалық етті.

Облыстық мәслихат сессиясының күн тәртібіне мына мәселелер енгізілді:

1. Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №54/557-VI «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Түркістан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына Түркістан облысының құрамында құрылатын жаңа ауданға атау беру туралы ұсынысты енгізу туралы;

4. «Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 24 тамыздағы №14/172-VI «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

5. Түркістан облысының елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы;

6. Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №49/515-VI «Облыстық жер комиссиясының құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

7. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияның дербес құрамын бекіту туралы;

8. Түркістан облысының әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы;

9. Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №42/449-VI «Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

10. Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №54/571-VI «Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылға арналған жұмыс жоспары туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

Аталған мәселелерді қарау нәтижесі бойынша облыстық мәслихат депутаттары тиісті шешімдер қабылдады.

Соның бірі, ең маңызды мәселелердің бірі «Түркістан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» мәселе қаралды.

Қарау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне, Түркістан облысының құрамында әкімшілік орталығы Шорнақ ауылында орналасқан оның құрамына Кентау қаласының аумағынан Шаға, Жаңа-Иқан, Ескі Иқан, Үшқайық, Иассы, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы, Майдантал ауылдық округтерін қосу жолымен – **Сауран ауданы әкімшілік-аумақтық бірлігін құру туралы ұсыныс енгізілсін деген бірлескен Түркістан облысы әкімдігі қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының шешімі қабылданды.**

Сонымен қатар, сессияда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына Түркістан облысының құрамында құрылатын жаңа ауданға атау беру туралы ұсынысты енгізу туралы мәселе қаралды.

Аталған мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына Түркістан облысының құрамында құрылатын жаңа ауданға – Сауран деп атау беру туралы ұсыныс енгізілсін деген бірлескен Түркістан облысы әкімдігі қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының шешімі қабылданды.